

Методы социального воспитания, избираемые для изменения отношения студентов к проблеме алкоголизма, должны соответствовать диагностируемой ситуации. Под условиями реализации социально-педагогической работы с молодежью нами понимается совокупность социальных факторов, отражающих социальную ситуацию развития в молодости.

Вышеизложенное достаточно полно отражает возможность использования системы индивидуальной, групповой и общинной форм в системе воспитательной работы с молодежью, поскольку:

- обеспечивает включение индивида в социокультурную среду на всех уровнях социального взаимодействия, содействуя становлению личностной позиции;
- делает возможной реализацию личностного потенциала;
- реально содействует изменению отношения студенческой молодежи к проблеме алкоголизма.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Шаламова Л.Ф. Социальное самочувствие и социальная активность молодежи // Социально-гуманитарные знания. – 2008. – № 2. – С. 172-184.
- 2 Благополучие детей в Казахстане: социальные индикаторы качества жизни: монография / Под общей ред. Буракановой Г.М., Тынышбаевой А.А. – Астана: Детский фонд ООН (ЮНИСЕФ), 2012. – 105 с.
- 3 Сирота Н.А. Профилактика наркомании и алкоголизма: учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений / Н.А. Сирота, В.М. Ялтонский. – 2-е изд., стер. – М.: Издательский центр "Академия", 2007. – 176 с.
- 4 Долгова А.И. Криминология [Текст] / А.И. Долгова. – М.: Норма, 2012. – 352 с.
- 5 Коновалов, В.П. Совсем другая медицина [Текст] / В.П. Коновалов. – М.: АРСМИ, 2009. – 416с.
- 6 Социальная работа в здравоохранении / Под редакцией Л.М. Мухарямовой и И.Б. Кузнецовой-Моренко. – Казань, 2011. – 372 с.
- 7 Хмель Н.Д. Теоретические основы профессиональной подготовки учителя. – Алматы: Гылым, 2000 – 320 с.
- 8 Социальная педагогика и социальная работа за рубежом: Сер. «Школа социальных работников и социальных педагогов» / Под ред. В.Г. Бочаровой, А.Н. Дешкиной – №№ 1 – 8. – М., 1991.
9. Чалдаева Д.А. Становление и развитие социально-педагогической работы в Германии: Дисс.... канд.пед.н.. – М., 1997. – 187 с.
- 10 Щуркова Н.Е. Новые технологии воспитательного процесса. – М., 1994. – 218 с.
- 11 Ахметов Н., Джайнакбаева С. Методологические аспекты игрового обучения // Высшая школа Казахстана. – 1997. – №4. – С. 118–125.

ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК ТӘРБИЕ ТҰЖЫРЫМДАМАЛАРЫН САЛЫСТЫРА ТАЛДАУ ӨЗЕКТІЛІГІ

Сулейменова Г.М.,

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты, Қостанай қ.

Тәрбие – педагог пен білім алушылардың, тәрбиеленушілердің өзара әрекеттестігінің, олардың саяси, адамгершілік, эстетикалық қасиеттерін, дене мәдениетін қалыптастырудың, қабілеттері мен рухани күш-қуаттарын дамытудың, қоршаған әлеммен және адамдармен қарым-қатынас орнатудың мақсатты, арнайы ұйымдастырылған педагогикалық үдерісі.

Тәрбие – субъектілерінің іс-әрекетімен, олардың белсенділігімен байланысты күрделі педагогикалық үдеріс. Ол тұлғаның зерделік, эмоциялық аясын байытып, жетілдіруді көздейді. Қандай іргелі идеялар тәрбие үдерісінің негізіне салынғаны жөн? Тәрбие теориясында тәрбие үдерісінің тиімділігін арттыруға ықпал ететін сан алуан түрлі тұжырымдамалық негіздемелер қалыптасқан.

Тұжырымдама – көзқарастар жүйесі, үдерістер мен құбылыстардың айқындалған түсінігі. Тәрбие беру тұжырымдамасын сипаттау дегеніміз тәрбиенің негізгі құрамдас бөліктерін: мақсаттарын, мазмұнын, қағидаларын, әдістерін, құралдарын және түрлері мен шарттарын – аша түсуді қажет етеді. Қазіргі заманғы әдебиетте «тұжырымдама» мағынасында «модель» термині де қолданыста жиі айналады.

Қазақстанның білім беру кеңістігінде орын алған тұжырымдамалардың негізгілеріне зер салайық.

Қазіргі кезде білім беру жүйесіндегі тәрбие сан түрлі тұрғыдан қарастырылады: дәстүрлі ресми тұрғыдан, сондай-ақ баламалы жүйелер де баршылық. Олардың барлығы азды-көпті коммунистік тәрбиені түбегейлі алмастыруға тырысады.

Коммунистік тәрбие жүйесі 1918 жылы В. Ленин, Н. Крупская, А. Луначарский, А. Макаренко және басқаларымен құрылған болатын. Ол Кеңес одағы кезінде 90-шы жылдардың басына дейін мемлекеттік жүйе ретінде өрбіді. Қазіргі кезде ол үлкен өзгерістерді басынан кешіруде, әйтсе де қазіргі заманғы білім беруде оның көптеген ережелері өз мағынасын сақтап қалған. Коммунистік тәрбиенің мақсаты жан-жақты дамыған, ұжымшыл азаматты, коммунизм мұрағияттарының өз ісіне берілген, саяси белсенді, отансүйгіш және интернационалистік, еңбекке коммунистік тұрғыдан қарайтын қасиеттері бар социалистік көзқарастағы тұлғаны қалыптастыру еді.

Тәрбие коммунистік бағытта және партиялыққа, коммунистік құрылыс пен өмір тығыз байланыста тәрбиелеу, ұжымда және ұжым арқылы еңбекке баулу, іс-әрекет пен сана-сезім бірлігі, педагогикалық басшылықтың ынта-ықыласы мен оқушылардың өнерпаздығының үйлесімділігі, саналы сұранысқа сай баланың жеке басына деген құрмет, балалардың жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, оларға оң ықпал ету, жүйелі және өзіне тиесілі педагогикалық ықпал, мектеп, отбасы және қоғам тарапынан біртұтас педагогикалық талаптар тәрізді ұстанымда жүрді. Тәрбиенің осындай талаптар жүйесі білім беру ошақтарында жан-жақты жүзеге асырылды. Ол тәрбие мазмұнын былайша сипаттады: идеялық-саяси, адамгершілік, еңбек, құқықтық және т.б. Тәрбие құралдары мектептегі тәрбие жұмысы, оқу және еңбек ұжымдары, ұжым болып еңбектену мен қоғамдық қызметтен құралды.

Ұзақ жылдар бойы ресми мемлекеттік мәртебеге ие болған осы тұжырымдаманы бағалауға келсек, оның мынадай ерекшеліктерін атап өтуіміз керек:

– Кеңес Одағы Коммунистік Партиясының саяси аппараты тәрбие жүйесі арқылы тұрғындардың идеологиялық бетбұрыстарын жүзеге асырды, бірыңғай ресми көзқарасты жүктеді;

– ұжым тұлғаны басу құралына айналды, конформистерді қалыптастырды;

– тәрбиенің мақсаты мен мазмұны тұлға үстінен қарауға, яғни тұлғаның емес, мемлекет пен өндіріс тұсынан құрылды;

– көбінде тәрбие ісінде авторитарлық әдістер пайдаланылды.

Қатаң идеологиялық тәрбие жүйесі кеңес заманындағы психология мен педагогиканың бай тәжірибесі мен объективті жаңалықтарын аша түскен жоқ. Л. С. Выготскийдің мәдени-тарихи мектебі, А. Н. Леонтьевтың теориялық қызметі, А. Макаренконың ұжымдық тәрбиесі, В.А. Сухомлинскийдің гуманистік педагогикасы және 60–80 жылдардағы жаңашыл педагогтардың озық тәжірибесі әлемдік ғылымға үлес қосып, қазіргі заман педагогикасында өз маңызын сақтап отыр.

Тәрбиенің мемлекеттік тұжырымдамаларының негізгі элементтері Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңдарында және басқа нормативтік құжаттарда да байқалады. Бұл көзқарасты тұлғаға бағытталған тәрбие негізіне жатқызуға болады, оның басты мақсаты тұлғаны өзін-өзі дамытуда ынталандыру, тұлғаның негізгі білімін және тұлғаның мәдениеттілігін әрі қарай дамыту, өмірде өзін-өзі билеу болып саналады. Тәрбиенің мазмұны тұлғаның бастапқы мәдениетімен сипатталады, оған өмірде өзін-өзі билеу мәдениеті, отбасылық қатынастар, қарым-қатынас мәдениеті, ақыл-ой және зияткерлік, адамгершілік, эстетикалық, дене, экономикалық, экологиялық, еңбек және құқықтық мәдениеті кіреді. Тәрбиенің әдістері мен

формаларына: клубтар, балалар мен үлкендердің мүдделік бірлестіктері, оқытудың дәстүрлі және жаңа формалары және тәрбие жүйесіне қатысушылардың өзара ықпалдастығы (дема­лыс орталықтары, қоғамдық қозғалыстар, өнерпаздық ұйымдар) жатады.

Бұл тұжырымдаманы сипаттайтын негізгі белгісі – тәрбиенің коммунистік идеологияға тәуелділігін жою; жеке тұлғалық бағыт-бағдарда тәрбиелеу – айқын мақсаттар қойып, мемлекет мүддесіне емес, оқушылардың сұранысы мен мүдделеріне қарай тәрбие мазмұны мен әдістерін икемдеу, оқытушылар мен оқушылардың қарым-қатынасында демократизм мен гуманизм әдістерін пайдалану.

Қазіргі заманғы қазақстандық педагогика тәрбиенің жаңа нышандарын іздеуде, сондықтан да оған әлемдегі бар педагогикалық тұжырымдамалар үлкен қызығушылық тудырып отыр. Ғалымдардың ойынша, өзге елдердің педагогикалық тәжірибесі мен ғылымын тану арқылы біз өзіміздің елдегі мәселелерді шешуде, педагогикалық жүйемізді оңтайлы құрып, саналы бағамдауда көмегін тигізеді. Алайда бұл жерде ең бастысы тым шектен шығып кетпей, қайсысы қажет, қайсы бірі керек еместігін анықтап алған жөн. Атақты орыс педагогы К.Д. Ушинскийдің дәлелдемесі бойынша, әрбір халықтың өзіне тән ұлттық тәрбие әдістері бар, ол оның мәдениетіне, өмір салтына, сеніміне, құндылықтарына тікелей тәуелді. Ол оны халықтық білім беру деп атаған және өзге елдердің тәжірибесімен алмасып пайдалану шектеулі түрде қолдану керектігін алға тартқан. Бір халықтың педагогикалық тәжірибесін басқа халыққа дәл сол қалпында пайдалану мүмкін емес деп санаған. Бірақ оның сөзінде ғылымның, педагогикалық теорияның ұшы қиыры жоқ делінген, барлығына ортақ педагогикалық заңдар бар екендігі де ақиқат. Оның сөзінде өзгенің үлгісіне сүйене отырып қолдан жасалған әдістер мүмкін емес дегені шындыққа саяды. Алайда, қазіргі заманғы ғылым бойынша, әр түрлі елдердің педагогикасымен өзара алмасуына толық негіз бар деп саналады, оның ішінде: әр түрлі елдердің экономикасы, білім беруі мен мәдениетіндегі дүниежүзілік ғаламдық әдістері. Ғалымдар білім беру ісіндегі дағдарыс жайында айтады, жастардың әлеуметтену мәселелерін қозғайды. Өкінішке орай, бұл толығымен қазақстандық кеңістікте де орын алған: елдегі әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-мәдени үлкен өзгерістер біздің жастарымызды, оқушыларымызды батысқа еліктіріп әкетуде. Дәл осы жүйелер Америка, Жапония жалпы Батыс елдерінің педагогикасын танып-білуге деген өзектілігін арттырады. Бүгінде шетелдік жүйе мен теорияны объективті сараптауға толық жағдай туғызылған. Шындығында, білім беру жүйесінде өзара ықпалдасу сауалын оңтайлы түрде қойып, жастар Қазақстанда да, шетелдерде де білім алуы қажет, біздің білім беру жүйесі өзінің беделі мен ерекшелігін жоғалтпай, озық жүйемен алға басса, ал дәстүрлі қазақи тәрбие жүйесі баршылық, оны бүгінде шетелдік зерттеушілер танып отыр. Әдебиеттер мен тәжірибе талдауы көрсеткендей, әлеуметтік-мәдени ерекшеліктеріне қарамастан білім берудің педагогикалық, әдістемелік, адамгершілік-психологиялық қырлары тұрғысынан әр түрлі елдердің педагогтерінің идеялары мазмұны жағынан бір-біріне жақын келеді. Бұған мысал, АҚШ-тағы гуманистік педагогика және Амонашвили жұмыстары, 80-жылдардағы оқытушы-жаңашылдарының ынтымақтасқан педагогикалық идеялары, ұстанымдары, әдістері.

Батыстың тәрбие тұғыры, жалпы айтқанда, бихевиористік психология мен психоанализге негізделеді. Бихевиоризмге сәйкес, тәрбие дұрыс, қоғам құптайтын мінез-құлықты қалыптастыру болып табылады. Ал психоанализ бойынша, тәрбие – адамның бойындағы қиратушы ырықсыз әуестіктерді («Оны») «Жоғары Меннің» талаптарымен, әлеуметтегі өмірдің ережелерімен үйлестіру үдерісі. Америка мектептерінде біріккен әлеуметтік-психологиялық-педагогикалық қызмет – психологтар, әлеуметтік жұмыскерлер, мұғалімдер, тәрбиешілер топтары – жұмыс істейді. Олардың міндеті – оқушыларға қиын жағдайда, сондай-ақ өзін және қоршаған ортаны тануда, оқуда, мамандық таңдауда психологиялық-педагогикалық кеңес беру және әлеуметтік қолдау жасау. Бұл үшін педагогтар дәстүрлі педагогикалық әдістермен қатар психологиялық және психотерапиялық әдістерді де қолданады: әлеуметтік, этикалық, психологиялық, медициналық, кәсіби мәселелер бойынша дәрістер, баяндамалар, әнгімелер; топтық пікіралмасулар мен рөлдік ойындар, тренингтер; жеке сұхбаттар, сабақтар, кеңестер.

Осының бәріне сабақ кестесінде арнайы уақыт бөлінеді, сондай-ақ оқушылардың санасы мен мінез-құлықтарын қалыптастыруды көздейтін сабақтар топтамасынан тұратын арнайы оқу пәндері де жүргізіледі. Мысалы, дау-дамайларды шешуге үйрететін курстар. Батыс тәрбие әдістерін талдай келе, олардың оң жағы ретінде оқушыларды өзін-өзі тануға, дамытуға, басқаруға көп көңіл бөлінетіндігін айту керек. Алайда, тәрбиеленушінің өмірлік проблемаларын психологиялық лаборатория шеңберінде ғана талқылау – кемшілігі тәрізді.

Соңғы жылдары отандық педагогика Шығыстың дәстүрлі тәрбие тәжірибесіне қызығушылық танытуда. Мәселен, жапон және корей елдерінің тәрбие жүйелеріне көңіл бөлінуде.

Жапон және корей тәрбие жүйелерінен дәстүрлі қазақ тәрбиесіне ұқсас ортақ тұстарды табуға болады. Мәселен, жапондықтарда да, қазақтардағыдай, баланың барынша еркін немесе қағажу көрмей өсу кезеңі бес жасқа дейін созылады. Бұл жасқа дейін жапондықтар баласын «патшасындай» құрметтесе, бес жастан он бес жасқа дейінгі аралықта «кұлдай» жұмсайды, ал он бестен асқан соң «теңдесіндей» араласады. Он бес жасқа келген бала өзінің міндеттерін нақты білетін және ережелерге мүлтіксіз бағынатын ересек адам ретінде саналады. Жапон тәрбиесінің парадоксы да осында қордаланған: балалық шағында барлығы рұқсат етілген баладан тәртіпті және заңға бағына білетін азамат өсіп шығады. Расында, бұл елде кішкентай балаларға барлығы рұқсат етіледі, алайда 5-6 жасқа қарай бала әртүрлі жағдайларда қалай әрекет етуді белгілейтін ережелер мен шектеулерге толы қатаң жүйеге тап болады. Оларға бағынбау мүмкін емес, себебі барлығы да осылай жасайды, сондықтан басқаша жасауға ұмтылу ел алдында абыройдан айрылуға және ортадан аластатылуға барабар. Жапондықтар топтық немесе тобырлық санаға бағдарланған, мұнда топ мүддесі (осы тұста – отбасы) жеке бас мүддесінен жоғары қойылады.

Жапон дүниетанымының негізгі ұстанымдарының бірі – «бәрінің өз орны бар». Жапон тілінде, қазақ тіліндегідей, бір отбасының балаларын бір-біріне қатысты жалпылап атайтын атау жоқ. Мысалы, орыстардың «брат», «сестра» деген атаулары сияқты. Жапондықтар «ани» («аға»), «отоото» («іні»), «анэ» («апа», «әпке»), «имоото» («сіңлі») деп сөйлейді. Сондықтан үлкен-кіші, жоғары-төмен деген түсінік баланың санасында жүреді.

Жапондықтар балаларына дауыс көтермейді, қол жұмсамайды. Баланы ертеден дамыту ойын жапондықтар біріншілердің қатарында айтқан болатын. Жарты ғасыр бұрын әлемге әйгілі «Сони» фирмасының негізін қалаушы Масару Ибуканың «Үштен кейін кеш» атты кітабы жарық көрді. Бұл жапон педагогикасының дамуына жаңа дем бергені анық.

Корей қоғамында да балалар мен жастардың тәрбиесіне көп көңіл бөлінеді. Бұған, мәселен, мынадай дәйек айғақ бола алады: Корей денсаулық сақтау және әлеуметтік мәселелер институтының 2003 жылғы 4 қарашада басылып шыққан деректері бойынша, орташа оңтүстік корей отбасының ай сайын жұмсайтын қаражатының 56% балаларды күтіп, тәрбиелеуге және оларға білім беруге жіберіледі. Оңтүстік Корея тұрғындарының білім алу үшін жұмсайтын шығындары – әлемдегі ең жоғарылардың бірі, кейбір деректерге сүйенсек, Даниядан кейінгі екінші көрсеткішті көрсетеді. Ал жеке меншік репетиторлардың қызметін төлеу жағынан корейліктерге тең келетін ел жоқ екен.

Жапониядағыдай, Кореяда да жеті жасқа дейінгі бала – құдайдың сыйы болып табылады. Балаларға отбасында барлық жан ықыласы мен материалдық мүмкіндіктер жұмсалады. Тіпті ата-аналар арасындағы қарым-қатынас бұзылғанның өзінде де, бұл балаларға ешқандай зиянын тигізбейді. Мектепке дейінгі жастағы баланы корейліктер өте еркін ұстайды. Алайда, мұндай тәрбие стилі бала мектепке барғаннан бастап күрт өзгереді: тәрбие қатаң, баланы мұғалімге, жалпы үлкендерге құрметпен қарауды талап ететін стильге ауысады. Жалпы корей тәрбиесі Конфуцийдің іліміне сай жүзеге асырылады: ата-аналарын құрметтеу – адамның бойындағы ізгі қасиеттердің жоғарғысы болып саналады, сондықтан да бұл тәрбиенің негізгі міндеті деп түсініледі. Осы дәстүрдің сақталып келуі әр түрлі әлеуметтік ауытқуларды болдырмауға мүмкіндік береді. Корей педагогикасына балаға қатаң талап қойып, одан сол талапқа сәйкес болуына баулу, сөзі мен жүріс-тұрысына жауап беруге, ерінбей еңбек етуге үйрету тән. Әлеуметтік өсіп-жылжудың корейлік жүйесі биікке жетудің тек бір ғана жолын құптай-

ды, ол –білім арқылы. Әрине, корей тәрбиесінің осындай тұстары үлгі болуға лайық. Өкінішке орай, балаға асыра қысым көрсетудің теріс жақтары да жоқ емес: оның адамның бірегей шешім қабылдау қабілеттілігін төмендететіні белгілі.

Сонымен, шетел білімін алу үшін өзінді танып-білу және жетілдіру мақсатында оның тұжырымдамаларын зерделеу қажет. Мектеп тарихында көбінде білім беру мен тәрбиенің ортақ тұжырымдамаларын философтар құрастырған. Тәрбиенің мақсаттары мен маңызы туралы, адамгершілік мұрағияттар мен құндылықтар жайында, қоғам мен тәрбиенің ықпалы мен тұлға дамуының үрдістері турасындағы сауалдар – осындай мәселелердің барлығын философия қамтыды, осының шеңберінде сонау Ежелгі Шығыс пен Ежелгі Грецияда педагогика дамыды. Алайда қазіргі уақытта да педагогика өз алдына жеке ғылым бола тұра, философия бұл мәселелермен айналысып келеді, бұған арнайы сала, философиялық білімді қамтыған – тәрбие философиясы бар.

Тәрбие философиясы мен педагогиканың бір бөлімі ретіндегі тәрбие теориясының мәселелері өте жақын, негізінен, бұл педагогиканың әдістемелік сұрақтары: педагогикалық шынайылықты зерттеудегі ортақ философиялық нышанын құрастыру, тәрбие тұжырымдамаларын әзірлеу, тәрбие мен білім беруде жаңа тәсілдер іздеу. Тәрбие философиясындағы негізгі мәселелер мынадай санаттардан көрінеді, ол тәрбие, тұлға, әлеуметтену, тәрбиенің мақсаттары, мұрағияттары мен құндылықтары. Бұл тұрғыдан алғанда классикалық және қазіргі заманғы тәрбиенің шетелдік талдауы әдістемелік-теориялық мүддені алға тартады, сондай-ақ тәжірибелік тәрбие мәселесін дұрыс қоя білу және олардың философиялық түсінігі өткенді сараптап, болашаққа болжам жасауына ықпалын тигізеді.

ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

1 Галиева Б.Х. Тәрбие теориясының өзекті мәселелері: Психология, педагогика және психология бағыты бойынша білім алатын студенттер мен магистранттарға арналған оқу құралы / Б.Х. Галиева. – Павлодар: Кереку, 2010. – 96 б.

2 Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Рауан, 1992. – 112 б.

3 Тәжібаев Т. Жалпы психология. – Алматы, 1993. – 300 б.

4 Макаренко А.С. О воспитании. – М., 1990.

ЗНАЧЕНИЕ МУЗЫКАЛЬНОГО ВОСПИТАНИЯ В РАЗВИТИИ ЛИЧНОСТИ ОБУЧАЮЩЕГОСЯ

Турлубаева Д.К.,

Костанайский государственный педагогический институт, г. Костанай

Современная педагогика твёрдо определила, что музыкальное искусство в школе должно быть в первую очередь методом воспитания. Тем не менее, долгое время задачи музыкального воспитания в школе сводились к поверхностному ознакомлению учащихся с музыкой, к приобретению ими некоторых художественных познаний и навыков, то есть подменялись задачами элементарного образования, что было серьёзной ошибкой. К тому же самому музыкальному искусству практически уделялось очень ничтожное время, а больше было утомительных для детей бесед о музыке и записей текста песен. Влияние музыки на развитие личности и творческую деятельность учащихся велико. Музыка, как и любое искусство, способно воздействовать на всестороннее развитие личности обучающегося, побуждать к нравственно-эстетическим переживаниям, вести к преобразованию окружающего к активному мышлению. Общее музыкальное воспитание должно отвечать основным требованиям: быть всеобщим, охватывающим всех детей и всесторонним, гармонично развивающим все стороны формирования личности ребенка. Всесторонность музыкального воспитания выступает как один из эффективных путей нравственного обогащения, формирования личности ребенка, активизации его умственной деятельности, повышения жизненного тонуса. Влияние му-